

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1190

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 Р990431_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 130-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) 3-тармақта:

2) тармақша "акцизделетін тауарларды" деген сөздердің алдынан "отандық өндірістегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) импорттық өндірістің акцизделетін тауарларын сақтау мен сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға - 1999 жылдың 15 желтоқсанынан бастап жүзеге асырылады деп белгіленсін.";

2) 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Голографиялық жолағы бар акциздік алым таңбаларымен таңбалауға жататын алкоголь өнімдерін өндірушілер мен импорттаушылар 1 және 2-қосымшаларға сәйкес тізбе бойынша алкоголь өнімдерін түгендеуді:

1) өндірушілер - 1999 жылғы 1 шілдеге;

2) импорттаушылар және/немесе импорттық өндірістің алкоголь өнімін сақтауды және сатуды жүзеге асыратын тұлғалар 1999 жылғы 15 қазанға жүргізілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК